Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс басқармасындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау, талдау нәтижесімен

АНЫҚТАЛҒАН ТӘУЕКЕЛДЕР

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау жұмыстары Басқарманың 2026 жылғы 13 мамырдағы №41-н/қ бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Жүргізілген талдау нәтижесімен анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ Басқарманың 2026 жылғы 13 мамырдағы №41-н/қ бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу Басқарма басшысының м.а. Т. Байтурсыновтың 2026 жылғы 13 мамырдағы №41-н/қ бұйрығына сәйкес жүргізілді. Жұмыс тобының құрамына Басқарма басшысының м.а. Т. Байтурсынов, лицензиялау, аттестаттау және ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің басшысы М. Спатаев, лицензиялау, аттестаттау және ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің бас мамандары Е. Тлепов және Г. Зиятова, сәулет-құрылыс инспекциясы бөлімінің бас мамандары М. Ежебеков пен Б. Сатыбалды енгізілді.

Мемлекеттік орган ержесіне сәйкес, Басқарма қызметіне және оған байланысты нормативті-құқықтық актілерге тиісті мына қызмет талданды: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы №377-V ЗРК «Азаматтық процессуалдық кодексі», Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №335-V ЗРК «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексі», Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ЗРК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы.

Алайда, тұрғындардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, заңнамалық пен қоғамдық тәртіпке, қауіп төндіруі мүмкін заң бұзушылықтардың алдын алуға немесе оларды жоюға бағытталған тексерулерге қатысты болмайды.

Сондықтан, басқарма тарапынан ҚР ӘҚБтК-нің Кодексінің 802 бабына сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау, яғни жеке және

заңды тұлғалардың хабарламалары немесе мәлімдемелері негізінде ғана дәлелденген құқық бұзушылықтар бойынша ғана жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты.

1) Басқарманың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормаларды анықтау;
2) Жоспардан тыс тексеру жұмыстары құрылыс нысанына барып жүргізілетіндіктен, тексеру субъектісімен сөз байласу, анықталған құқық бұзушылық фактілерін жасыру немесе оларға көз жұму арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының орын алу тәуекелі туындауыдың алдын алу.

Ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2026 жылғы 01 мамыр – 19 маусым аралығы.

Ішкі талдау жүргізілетін кезең: 2025 жылғы 01 қазан – 2026 жылғы 01 маусым аралығы.

1. Басқарманың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормаларды анықтау:

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі әзірлеген мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшыларына арналған қызметкерден сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлама түскен кездегі іс-қимылдар алгоритмі және оны қорғауды қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдар бойынша Басқарма қызметкерлеріне түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, талқылау өткізілді. Сонымен қатар, Басқарма қызметкерлері арасында құқықтық оқытулар тұрақты түрде өткізілді.

2. Жоспардан тыс тексеру жұмыстары құрылыс нысанына барып жүргізілетіндіктен, тексеру субъектісімен сөз байласу, анықталған құқық бұзушылық фактілерін жасыру немесе оларға көз жұму арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының орын алу тәуекелі туындауыдың алдын алу.

Жоспардан тыс тексеру жұмыстары құрылыс нысанына барып жүргізілетіндіктен, Басқарманың салалық жетекшілік ететін орынбасарлары құрылыс инспекторларына сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жол бермеу, қызметтік әдеп нормаларын сақтау және әкімшілік істер бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қабылдау жөнінде тұрақты түрде құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Түркістан облысының МСҚБ Қазақстан Республикасы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы субъектілердің қызметіне бақылау және қадағалауды жүзеге асырады.

2026 жылдың 5 айының қорытындысы бойынша әкімшілік-шаруашылық мәселелері және жеке құрам бойынша – 124 бұйрық, негізгі қызмет бойынша – 44 бұйрық әзірленген. Кемшіліктер анықталмады.

Басқармада штат саны 17 болып бекітілген.
Қазіргі таңда 16 мемлекеттік қызметші қызмет атқарады.
Нақты айтқанда 14 ер, 2 – әйел. 2 бөлім ***мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекция бөлімі, аттестаттау, лицензиялау және ұйымдастыру-исппекторлықжұмысы бөлімі.)*** **жұмыс жасайды.**

Барлық мемлекеттік әкімшілік қызметкерлер біліктілік талаптарына сай қызмет атқарады.

Жұмысшы топпен Басқарманың мемлекеттік қызметкерлердің туыстық немесе басқада қатынастары бойынша ішкі талдау жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде теріс өкілеттіктер мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын бұзушылықтар орын алмаған.

Мемлекеттік қызметке жаңадан қабылданған мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі талаптарымен және мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулермен таныстырылған. Шектеулердің сақталуы үнемі бақылауда тұрады.

Басқарма басшысы мен орынбасарларының азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күндерінің кестесі бекітілген және сол кестеге сәйкес қабылдау жүргізілуде.

Басқарма ғимаратында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің мәтіні және көрнекі түрде «Азаматтардың арыз-шағымдарын қалдыруға арналған жәшік» орнатылған.

2026 жылдан бастап, жоспардан тыс тексеру жұмыстарын жүргізуге рұқсат берілуіне байланысты, тексеру жұмыстарын жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін. (Прокуратура органдарында тексеруді тағайындап, нысан басында кемшіліктерге назар аудармай, жасыру мақсатында мердігермен немесе жұмыс берушімен сыбайлас жемқорлық фактісі орын алуы мүмкін. Сондай-ақ тағайындалған тексеруде белгіленген мақсаттардан тыс тексеру жұмыстарын жүргізіп, мердігер немесе жұмыс берушінің құқықтарын бұза отырып, сыбайлас жемқорлыққа итермелеу фактілері орын алуы мүмкін.)

ҰСЫНЫС:

1. Жоспардан тыс тексерулердің барлығын электронды түрге көшіру арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу.

Құрылыс саласына қатысты заңды тұлғалардың лицензия алу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін. (Тиісті құжаттарды жинақтау барысында және заңды тұлғаның кемшіліктеріне қарамастан құжаттарды бұрмалай отырып лицензия беру фактісі, немесе

лицензияға қажетті құжаттардың барлығы дұрыс болғанымен қасымша құжаттарды сұрата отырып, сыбайлас жемқорлыққа итермелеу фактілерінің орын алуы мүмкін.)

ҰСЫНЫС:

2. **Құрылыс саласына қатысты заңды тұлғалардың лицензия алу «www.elicence.kz.» ақпараттық жүйесі арқылы болғандықтан, аталған ақпараттық жүйені толық жетілдіру.**

Құрылыс мекемелерінің категориясын өзгерту барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін. (Тиісті құжаттарды жинақтау барысында және заңды тұлғаның кемшіліктеріне қарамастан құжаттарды бұрмалай отырып категория беру фактісі немесе лицензияға қажетті құжаттардың барлығы дұрыс болғанымен қасымша құжаттарды сұрата отырып, сыбайлас жемқорлыққа итермелеу фактілерінің орын алуы мүмкін.)

ҰСЫНЫС:

3. Құрылыс мекемелерінің категориясын өзгерту «*www.elicence.kz.*» ақпараттық жүйесі арқылы болғандықтан аталған ақпараттық жүйені толық жетілдіру.

Әрбір құрылыс нысандарын бастау алдын, Басқармадан құрылыс жұмыстарын бастауға рұқсат беретін хабарламасын алу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін. (Тиісті құжаттар электронды порталға түскеніне қарамастан құжаттардың толықтығына көз жұма отырып, рұқсат қағазын беру немесе құжаттар толық болған жағдайда қосымша құжаттар сұрату арқылы созбаланға салып, сыбайлас жемқорлыққа итермелеу фактілерінің орын алуы мүмкін.

ҰСЫНЫС:

4.Басқармадан құрылыс жұмыстарын бастауға рұқсат алу «*www.elicence.kz.*» ақпараттық жүйесі арқылы болғандықтан аталған ақпараттық жүйені толық жетілдіру.

Авторлық және техникалық қадағалау мекемелерінің ай сайынғы есебін қабылдау, жинақтау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін. (Жолданған есептердің толық болмауына қарамастан қабылдап, немесе толық құжаттар ұсынылғанына қарамастан есептерін қабылдамай, қосымша мәліметтер сұратып сыбайлас жемқорлыққа итермелеу фактілерінің орын алуы мүмкін.)

ҰСЫНЫС:

5.Авторлық және техникалық қадағалау мекемелері ай сайынғы есептілікті *e-kurulys* ақпараттық жүйесі арқылы болғандықтан, аталған ақпараттық жүйені толық жетілдіру.

Құрылысы аяқталған нысандарды қабылдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін. (Нысанның құрылысы аяқталғанымен, тапсырушы, мердігер, авторлық және техникалық қадағалаушы мекемелердің қолдары қойылып, соңғы шешім қабылдау барысында қосымша мәліметтерді сұратып, сыбайлас жемқорлыққа итермелеу фактілерінің орын алуы мүмкін.

ҰСЫНЫС:

6.Мемлекеттік сәулет-құрылыс органдары «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясынан құжаттарды алған кезден бастап бір жұмыс күні өткенге дейін тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген нормалар мен талаптарды сақтауы тұрғысына сәйкестендіру жүргізіліп, электронды түрде болғандықтан аталған ақпараттық жүйені толық жетілдіру.

Құрылыс мекемелерінің атқарылған жұмыстарын растау мақсатында Басқармаға жүгіну қажет, сол кезде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін. (Өз қаражат есебінен немесе мемлекеттік емес ұйымдардың тапсырысымен жүргізілген құрылыс нысандарды аяқтап, атқарылған жұмыстарды растайтын құжаттарға қол қойдыру барысында қосымша құжаттарды сұрата отырып, сыбайлас жемқорлыққа итермелеу фактілерінің орын алуы мүмкін.

2026 жылдың 05 айында құрылыс саласында лицензия алуға, қайта тіркеуге, аттестат алуға қатысты барлығы 219 өтініш қабылданды, оның ішінде:

лицензия алуға қатысты 67 өтініш тіркеліп, 57 өтініш қанағаттандырылды, *(44 қайта рәсімделді, 11 лицензия берілді, 2 қосымша жұмыс түріне рұқсат берілді),* ал 10 өтінішке дәлелді бас тартылды;

аттестат алуға қатысты 152 өтініш тіркеліп, оның 86-сы аттестатталды, 66-на дәлелді бас тартылды;

2026 жылдың 5 айында қорытындысы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзу фактілерін орын алмады.

Басқармамен сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру құқығына сарапшыларды аттестаттау *(компьютерлік тесті тапсыру)* кезінде видео түсірілім орнатылған.

Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақлау басқармасы басшысы **Т.Байтурсынов**

Ішкі талдау жүргізген бас маман **Е.Тлепов**